

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы № 1139 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 14 ақпандағы № 134 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.02.2013 № 134 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңының 5-бабына, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 63-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**: Z100291 қарандыз

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 маусымдағы № 612 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 17, 180-құжат);

2) "Отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 қарашадағы № 1204 қаулысының 2-тармағы және 5-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 40, 408-құжат);

3) "Отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі № 955 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 38, 387 - құжат).

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Үкіметінің

Республикасы

2 0 0 7

ж ы л ф ы

2 8

қ а р а ш а д а ф ы

N

1 1 3 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесі

Ескеरту. Ереже жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 2010.04.01 № 267 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Мұнай туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңына, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес өзірленді және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып аладың жылдық бағдарламасында көзделген, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың уәкілетті тұлғаларының, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылармен және жер қойнауын пайдаланушылардың уәкілетті тұлғаларымен жасалған шарттарды орындау шенберіндегі қызметті жүзеге асыратын қосалқы мердігерлердің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тәртібін айқындауды. Z100291

қ а р а н ы з

2. Осы Ереженің қолданысы:

1) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын;

2) мемлекеттік сатып алуды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын тапсырыс берушілерге;

3) ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі дауыс беруші акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызындағы жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға қолданылмайды.

3. Осы Ережеде Заңда белгіленген ұғымдар мен анықтамалар, сондай-ақ мынадай тапсырыс үғымдар пайдаланылады:

тапсырыс беруші - жер қойнауын пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын қосалқы мердігер; жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде

пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімі - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушы бақылауға және оның мониторингіне, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді электрондық сатып алушы өткізуге және олардың тізбесін қалыптастыруға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе;

сатып алу - келісім-шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті және осы Ережеде белгіленген тәртіппен және тәсілдермен жүзеге асырылатын, келісім-шартта ілеспе ретінде көзделген қызмет үшін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ақылы негізде сатып алу;

конкурстық құжаттама - конкурстық өтінімді дайындау үшін әлеуетті жеткізушіге ұсынылатын тапсырыс беруші бекіткен құжаттама, онда ашық конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібі қамтылады;

біртекті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер - бірдей болып табылмайтын, ұқсас сипаттамалары бар және сол функцияларды орындауға және өзара ауыстыруға мүмкіндік беретін ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер ;

әлеуетті жеткізуші - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу процесіне қатысушы жеке тұлға, занды тұлға, занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) ;

қосалқы мердігер - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін жер қойнауын пайдалануши тартатын жеке немесе занды тұлға ;

жер қойнауын пайдаланушиның уәкілетті тұлғасы - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алушы жүзеге асыруға жер қойнауын пайдалануши уәкілеттік берген жеке немесе занды тұлға ;

шартты баға - ашық конкурс шеңберінде сатып алынатын тауарлардың қазақстандық өндірушісі немесе жұмыстар мен қызметтердің қазақстандық өндірушісі болып табылатын, ашық конкурсқа қатысушының конкурстық бағалық ұсынысын жиырма пайызға бағаны шартты түрде азайтуды қолдануды ескере отырып есептелген және тек ашық конкурстың жеңімпазын анықтау мақсатында конкурстық бағалық ұсыныстарды салыстыру және бағалау кезінде пайдаланылатын баға ;

электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, тиесілілігін

және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

4. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру рәсімі Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі.

5. Сатып алуды жүргізу рәсімдерінің және сатып алу бойынша құжаттаманың тілі Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленеді.

6. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу біртекті түрлері бойынша бөліктерге (лоттарға) және тауарларды жеткізу орны, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету бойынша бөлінеді. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізуши әр лот бойынша жеке белгіленеді.

7. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу, оның ішінде қосалқы мердігерлердің сатып алуды мына тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бағалық ұсыныстарды сұрату;
- 3) бір көзден;
- 4) электрондық сатып алу жүйесі арқылы;
- 5) тауарлық биржалар арқылы.

8. Ашық конкурс тәсілімен сатып алуды жүргізу кезінде әлеуettі жеткізушиге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) құқық қабілетінің (занды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігінің болуы (жеке тұлғалар үшін);
- 2) төлем қабілетті болуы;
- 3) банкроттық рәсіміне немесе таратуға жатпауы.

Осы тармақта көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

9. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мына қағидаттарда жүзеге асырылады:

- 1) сатып алу процесінің жариялышы және ашықтығы;
- 2) әлеуettі жеткізушилер арасындағы адаптациялардың жағдайлары;
- 3) тауарларды, жұмыстар мен қызметтердің қазақстандық өндірушілердің көлдадау.

10. Сатып алу процесі өзіне мыналарды қамтиды:

- 1) сатып алуды жоспарлау;
- 2) жеткізуши таңдау және онымен сатып алу туралы шартты жасасу;
- 3) сатып алу туралы шартты орындау.

11. Тапсырыс беруші өзінің шешімімен тауарларды, жұмыстар мен

қызметтерді сатып алуды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тізілімінде ақпаратты қалыптастыру және орналастыру бойынша осы Ережеде көзделген іс-қимылдарды тапсырыс берушінің атынан жасайтын лауазымды тұлғаны белгілеуді.

1 2 . Е г е р :

1) осы әлеуетті жеткізушінің және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің басшыларының жақын туыстары, жұбайы немесе жекжаттары жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не тапсырыс берушінің өкілі болып табыласа;

2) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қызметкері тапсырыс берушіге өткізілетін сатып алуды дайындау бойынша консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетсе, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу бойынша сатып алуда техникалық-экономикалық негізденмені әзірлеушінің қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алу мәні болып табылатын объектіні салуға арналған техникалық-экономикалық негізденмені және (немесе) жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуде бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатысса, өткізілетін сатып алуға әлеуетті жеткізушінің қатысұына рұқсат етілмейді.

13. Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды өткізген жағдайда, тапсырыс берушінің занды тұлғалардың уақытша бірлестігінен (консорциум) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асыруына рұқсат етіледі. Уақытша бірлестіктерден (консорциум) сатып алуға қатысқан жағдайда консорциумның қатысушылары осы Ереженің 36-тармағының 3) тармақшасында көзделген біліктілік талаптарын растауға арналған құжаттардан басқа мыналарды:

1) занды тұлғалардың (консорциум) мүшелері арасында жасалған ортақ жауаптылықтың нотариалды куәландырылған шартын;

2) бірлескен шаруашылық қызметі туралы шартта көзделген қызметтің бір бөлігінде тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету құқығына тиісті лицензияларды ұсынады.

2. Сатып алуды жоспарлау

14. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілген жылдық жұмыс бағдарламасының негізінде өзірленеді.

15. Жер қойнауын пайдаланушылар құзыретті органға тауарларды, жұмыстар

мен қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде құзыретті орган бекіткен нысан бойынша сатып алудың жылдық бағдарламасына өзгерістер мен толықтыруларды

ұснады.

16. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсімі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Сатып алудың мұндай сомасы жұмыстардың жылдық бағдарламасында көзделген жағдайда және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасына енгізілетін болса, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы бекітілгенге дейін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсімін жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

3. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асыру

18. Біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада мұндай тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді лоттарға міндетті түрде бөле отырып, көрсетілген тәсілмен бірыңғай сатып алуды үйымдастыруына және жүргізуіне рұқсат етіледі.

Бірнеше түрдегі біртекті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ашық конкурс тәсілімен сатып алу олардың біртекті түрлері бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді лоттарға бөлу және (немесе) оларды жеткізу (орындау, көрсету) орындары бойынша бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақта көзделген жағдайларда ашық конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарау, ашық конкурсқа қатысуышылардың конкурстық өтінімдерін бағалау және салыстыру, сондай-ақ ашық конкурстың женімпазын анықтау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

Конкурстық комиссия

19. Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша әрбір ашық конкурсқа конкурстық комиссия құрады.

20. Конкурстық комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және конкурстық комиссияның мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұруы, бірақ үш адамнан кем болмауы тиіс. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссияның шешім қабылдауы кезінде дауыс құқығына ие болмайды.

21. Конкурстық комиссияның төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, комиссияның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды.

22. Конкурстық комиссияның хатшысы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша ашық конкурстың рәсімдерін өткізуді үйымдастырады. Конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізушилерге конкурстық құжаттаманы ұсынады, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді әлеуетті жеткізушилердің конкурстық өтінімдерін тіркеу журналын жүргізеді, конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар дайындаиды, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссия отырысын өткізуді үйымдастырады, ашық конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын, ашық конкурстың нәтижелері туралы хаттаманы, конкурстық комиссия отырыстарының басқа да хаттамаларын ресімдейді және қол қояды, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша ашық конкурстың құжаттары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

23. Әлеуетті жеткізушилердің конкурстық өтінімдерін тіркеу журналында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) ашық конкурстың мәні (ашық конкурс мәніне бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы);
- 2) әлеуетті жеткізушиңің атауы мен нақты орналасқан жері;
- 3) әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтінімді ұсыну тәсілі;
- 4) әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтінімді ұсыну күні мен уақыты;
- 5) осы Ереженің 35, 39-тармақтарында көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда конверттің қайтарылу себебі.

Әлеуетті жеткізушилердің конкурстық өтінімдерін тіркеу журналы тігіледі, параптартары нөмірленеді және дәйектеледі, конкурстық өтінімдерді тіркеу журналының соңғы беті тапсырыс берушінің мөрімен бекітіледі. Бір қаржылық жыл ішінде ашық конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді барлық сатып алу бойынша конкурстық өтінімдерді тіркеудің бірыңғай журналын жүргізуге рұқсат етіледі.

Конкурстық құжаттама

24. Конкурстық құжаттама тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың талаптары мен шарттары туралы әлеуетті жеткізушилерді хабардар етуге арналған. Конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші әзірлейді және бекітеді.

25. Конкурстық құжаттамада мынадай міндетті шарттар көрсетіледі:

- 1) әлеуетті жеткізуши оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растауға ұсынатын, осы Ереженің 36-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген

құжаттардың

тізбесі;

2) тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері;

3) қажет болған жағдайда техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбалар мен нобайларды қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі;

4) конкурстық өтінімнің бағасына қалыптастыру тәртібі және ұсыну нысаны, оның ішінде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бағасын көрсетумен қатар оларды тасымалдау мен сақтандыру шығыстарын, кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды төлеуді, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шығыстарын көрсету;

5) төлем шарттары;

6) сатып алынатын тауардың саны, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі;

7) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету орны;

8) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың немесе қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

9) конкурстық өтінімдерді ұсынудың тәсілі, орны және соңғы мерзімі, олардың қолданылу мерзімі, сондай-ақ конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні мен уақыты;

10) нақты ережелерді, оның ішінде шарттың қолданылу мерзімін көрсетумен шарттың жобасы;

11) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің шартты бағасын есептеу үшін құжаттар тізбесі;

12) конкурстық өтінімнің мазмұнына және ресімдеуге қойылатын талаптар;

13) ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық құжаттамаға байланысты түсіндірулерді сұрауына көмек болатын тәсілдер;

14) ашық конкурсты дайындауға және өткізуге жауапты тұлғаның тегі, аты, байланыс телефонының нөмірі;

15) өтінімді қамтамасыз ету түрлері, көлемі мен енгізу тәсілі және/немесе сатып алу туралы шарттың орындалуы (егер конкурстық құжаттамада өтінімді қамтамасыз ету және/немесе сатып алу туралы шарттың орындалуын енгізу көзделсе);

16) осы ашық конкурстың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға бөлінген сома туралы мәліметтер;

17) осы Ереженің 32-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша ашық конкурсты өткізуден бас тартудың

мерзімдері мен тәртібі туралы мәліметтер.

26. Конкурстық құжаттамада жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде сатып алуды жүзеге асырудың төмендегі жағдайларын қоспағанда, тауарлық белгілерге, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы үлгілерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығу орнының атауы мен өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыс пен қызметтің жеке әлеуетті жеткізушіге тиесілігін анықтайдын өзге де сипаттамалардың мазмұнын көрсетуге рұқсат етілмейді:

1) негізгі (орнатылған) жабдықты жете жинақтау, жаңғыруту және жете жараптандыру үшін;

2) тауарды лизингке ұсыну бойынша қызметтерді жеткізушін анықтау үшін және лизинг мәнін толық сипаттау қажеттігі туындағанда.

27. Конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші мүдделі тұлғаларға қағаз тасымалдағышпен (бұдан әрі - конкурстық құжаттаманың көшірмесі) не бекітілген конкурстық құжаттаманы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде орналастыру тәсілімен ұсынады.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесі мүдделі тұлғаларға конкурстық құжаттаманың көшірмесін беру туралы тапсырыс берушігে өтініш берген күні ұсынылады.

Егер конкурстың құжаттаманың көшірмесі ақылы негізде берілетін болса және бұл туралы нұсқау тиісті хабарландыруда айтылса, тапсырыс беруші оны мүдделі тұлғаларға өтініш берген күні олар көрсетілген төлемді енгізгенін растайтын құжатты көрсеткен жағдайда береді.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесін бергені үшін төлем мөлшерін анықтау кезінде тапсырыс берушінің конкурстық құжаттама көшірмесінің данасын дайындауға байланысты тікелей шығыстарынан асыруға жол берілмейді. Тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген тұлғалар туралы мәліметтерді конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізуі тиіс.

28. Әлеуетті жеткізушіге конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұраумен тапсырыс берушігে өтініш беруіне рұқсат беріледі, бірақ ол конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейінгі он құнтізбелік күннен кешіктірілмеуі тиіс. Тапсырыс беруші сұрауды тіркеу сәтінен бастап үш күндей мерзімде оған жауап береді және сұрау кімнен түскенін көрсетпестен, түсіндіруді тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманы берген барлық әлеуетті жеткізушілерге жібереді, сондай-ақ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде түсіндіруді орналастырады.

29. Тапсырыс берушігে конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі

біткенге дейінгі күнтізбелік бес күннен кешіктірмей өзінің бастамашылығы бойынша не қандай да болсын әлеуettі жеткізуши тарапынан түсіндіру туралы сұрауға жауап ретінде конкурстық құжаттамаға тиісті өзгерістер және/немесе толықтыруларды енгізуге рұқсат беріледі. Өзгерістер енгізілген кезде конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші қайтадан бекітуі және Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде орналастыруы тиіс.

Енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманы берген барлық әлеуettі жеткізушилерге, оның ішінде Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінен конкурстық құжаттаманы алған әлеуettі жеткізушилерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап бір күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды. Бұл ретте, ашық конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді берудің соңғы мерзімін тапсырыс беруші осы өзгерістерді әлеуettі жеткізушилердің ашық конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерінде есепке алуы үшін он жұмыс күнінен кем емес мерзімге ұзартады.

Ашық конкурсты акпараттық қамтамасыз ету

30. Ашық конкурсты өткізу кезінде тапсырыс беруші ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруды Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде және аптасына кем дегенде үш рет жарияланатын және конкурстық өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі біткенге дейін кем дегенде отыз күнтізбелік күн қалғанда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мемлекеттік және орыс тілдерінде таралатын мерзімді баспа басылымдарда орналастырады .

Ашық конкурсты қайта өткізу жағдайында тапсырыс беруші тиісті хабарландыруды осы тармақта көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолданумен, конкурстық өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі біткенге дейін кем дегенде он бес күнтізбелік күн қалғанда жариялауды қамтамасыз етеді.

31. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер көрсетіледі :

1) ашық конкурстың мәні (ашық конкурс мәніне бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы);

2) тапсырыс берушінің атауы және орналасқан жері;

3) әр лот бойынша сатып алынатын тауардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі, сапасы, номенклатуrasesы;

- 4) әр лот бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері;
- 5) конкурстық құжаттаманы алу орны мен тәсілдері;
- 6) конкурстық өтінімдерді берудің орны мен соңғы мерзімін, сондай-ақ конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні және уақытын;
- 7) тапсырыс беруші белгілейтін өзге де қажетті ақпаратты;
- 8) ашық конкурсты дайындау және өткізуге жауапты лауазымды тұлғаның тегі, аты, байланыс телефонының нөмірі.

32. Тапсырыс берушіге осы Ереженің 30-тармағында көрсетілген ақпараттандыру тәсілдерін қолдана отырып, ашық конкурс өткізуден бас тарту туралы хабарлама арқылы конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жөнінде ашық конкурс өткізуден бас тартуға рұқсат етіледі.

Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жөнінде ашық конкурс өткізуден бас тартқан жағдайда ашық конкурс өткізуден бас тарту туралы шешімдерді қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық өтінімдерімен түскен конверттерді оларды ашпастан қайтарады және әлеуетті жеткізушінің тиісті сұрауларын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ретінде Тапсырыс берушінің шотына енгізілген кепілдік ақша журналарын қайтаратады.

33. Тапсырыс беруші ашық конкурс қорытындыларын жүргізген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Ереженің 30-тармағында көрсетілген ақпараттандыру тәсілдерін қолдана отырып, қатысқан барлық әлеуетті жеткізушілерге ашық конкурс қорытындылары туралы хабарлайды. Ашық конкурс қорытындыларында оның аты, лоттың атауы мен жеңімпаздың атауы, мекенжайы мен ашық конкурс жеңімпазының конкурстық өтінімінің бағасы көрсетіледі. Егер ашық конкурс өтпесе, ашық конкурс қорытындыларында ашық конкурсты өткізілмеді деп тану себебі көрсетіледі.

Конкурстық өтінім

34. Ашық конкурсқа қатысуға өтінім конкурстық құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес тауарды жеткізу және (немесе) жұмысты 10 орындау және (немесе) қызмет көрсетуді жүзеге асыруға ашық конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушінің келісімін білдіру болып табылады.

35. Ашық конкурсқа қатысуға келісімін білдірген әлеуетті жеткізуші Тапсырыс берушіге белгіленген мерзімде және мөрленген конвертте конкурстық

құжаттамаға сәйкес конкурстық өтінімді береді.

Ашық конкурсқа қатысуға өтінімімен не ашық конкурсқа қатысуға өтінімнің ажырамас бөлігі болып табылатын құжаттар және (немесе) материалдармен конвертті конкурстық құжаттамада көрсетілген оларды берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін беруге рұқсат етілмейді.

36. Әлеуettі жеткізушиңің конкурстық өтінімінде мыналар қамтылады:

1) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін көрсетумен ашық конкурсқа қатысады

өтінім;

2) тапсырыс беруші конкурстық құжатта келтірген нысан бойынша және оны қалыптастыру тәртібіне сәйкес конкурстық өтінімнің бағасы;

3) оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын әлеуettі жеткізуши ұсынатын құжаттардың тізбесін:

құқықтық қабілетін (занды тұлғалар үшін), жеке тұлғалар үшін азаматтық іс-әрекетке қабілеттігін (кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжатты, жеке куәлігінің көшірмесін, оның біреуінде СТН болуы тиіс) растайтын нотариалды куәландарылған құжаттарды;

занды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының нотариалды куәландарылған көшірмесін береді. Егер занды тұлға қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын болса, онда мемлекеттік тіркелгені туралы өтінімнің нотариалдық куәландарылған көшірмесін береді. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасымен сауда тізілімінен нотариалды куәландарылған зандастырылған үзінді көшірмесін береді;

әлеуettі жеткізушиңің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өндеуге, беруге және откізуге, жұмыстарды орындауға және көрсетілетін қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа құжаттардың нотариалды куәландарылған көшірмелерін;

занды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы (қайта тіркелгені) куәліктің нотариалды куәландарылған көшірмесін (БСН-ді көрсетумен);

құрылтайшы туралы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтайшы құжаттардың (егер жарғыда құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер қамтылмаған жағдайда) нотариалды куәландарылған үзіндісі не конверттерді ашу күні алдындағы бір айдан бұрын берілген акцияларды ұстаушылардың тізілімінен нотариалды куәландарылған үзінді;

төлем қабілетін растайтын құжаттар:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының № 1973 болып

тіркелген 2002 жылғы 30 шілдедегі № 275 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде және ипотекалық ұйымдарда бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы банктің (банк филиалының) немесе банктің мөрі соғылған анықтамасының түпнұсқасы (егер әлеуетті жеткізуші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан бұрын алынуға тиіс. Анықтамаға қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін осындай әлеуетті жеткізушіні тану үшін негізде болып табылады;

бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған соңғы қаржы жылындағы бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландағылған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде жүргізілсе, онда әлеуетті жеткізушіге соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландағылған көшірмесін ұсынуға рұқсат етіледі;

конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдың ішінде берілген бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы туралы, үш айдан астам уақыттағы салықтың берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған кездегі жағдайларды қоспағанда) жоқтығы туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы ұсынылуы мүмкін;

ҚҚС бойынша төлеушіні есепке қою туралы куәліктің нотариалды куәландағылған көшірмесі (болған жағдайда);

4) жеткізілетін тауарлардың және (немесе) орындалатын жұмыстардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің техникалық және сапалық сипаттамасын сипаттаумен техникалық ерекшелігін, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін (конкурстық құжаттамада тиісті талаптар болған жағдайда);

5) ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету (конкурстық құжаттамада тиісті талаптар болған жағдайда);

6) әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын және (немесе) әлеуетті

жеткізушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қою құқығы бар тұлғаларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінімге қол қоюға және конкурстық комиссияның отырыстарында әлеуettі жеткізушінің мүдделерін білдіретін адамға және (немесе) адамдарға берілетін сенімхат.

37. Осы Ереженің 36-тармағында көзделген құжаттардан басқа, конкурстық өтінімнің шартты бағасын есептеу үшін әлеуettі жеткізуші мыналарды ұсынады:

1) егер әлеуettі жеткізуші тауарларды қазақстандық өндіруші болып табылатын болса, өткізілетін сатып алушың номенклатурасына сәйкес техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган берген, тауардың қазақстандық шығарылуын растайтын СТ KZ нысанындағы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) егер әлеуettі жеткізуші жұмыстар мен қызметтерді қазақстандық өндіруші болып табылатын болса, осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша олардың азаматтығын көрсетумен, қызметкерлердің болуы және саны туралы әлеуettі жеткізушінің бірінші басшысы немесе өзге уәкілетті тұлға қол қойған және әлеуettі жеткізушінің мөрімен куәландырылған мәліметтер.

38. Конкурстық өтінім тігілген түрде, нөмірленген беттерімен беріледі, соңғы беті жеке тұлға үшін - ашық конкурсқа қатысушының қолымен, ал заңды тұлға үшін - бірінші басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның қолымен және мөрімен күзландырылады.

39. Конкурстық өтінім салынған мөрленген конверт:

1) конкурстық құжаттамада көрсетілген деректемелер бойынша тапсырыс берушіге жіберіледі;

2) «_____ лот сатып алу бойынша ашық конкурс _____» (ашық конкурстың мәні мен лоттың атауы) және «_____ дейін ашуға болмайды» деген сөздерді қамтиды (конкурстық құжаттамада көрсетілген конверттерді ашу күні мен уақыты);

3) әлеуettі жеткізушінің атауы мен нақты түрғылықты жерін қамтиды.

40. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімнен кем болмауы тиіс.

41. Осы Ереженің 35, 39-тармақтарының талаптарын бұзумен ашық конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверт ашылмайды және конкурстық өтінім салынған конвертті алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуettі жеткізушіге қайтарылады.

42. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өткенге дейін тапсырыс берушіге әлеуettі жеткізушілерге осы мерзімді қосымша уақыт кезеңіне ұзарту туралы сұрауды жіберуге рұқсат етіледі. Әлеуettі жеткізуші сұраудан бастартқан жағдайда, оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі қолданудың ұзартылмаған мерзімінің бітуі бойынша аяқталады.

43. Ашық конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуettі жеткізуі оларды берудің конкурстық құжаттамада көрсетілген түпкілікті мерзімі өткенге дейін ұсынады.

44. Ашық конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді белгіленген мерзім өткенге дейін ұсынған әлеуettі жеткізуішілер туралы мәліметтер конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында хронологиялық тәртіппен көрсетіледі.

45. Ашық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірілмей, мыналарға рұқсат етіледі:

1) ашық конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) ол енгізген қамтамасыз етуді қайтаруға құқығын жоғалтпастан, ашық конкурсқа қатысуға өз өтінімін қайтарып алуға.

Ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты, бірден өтінім салынған конвертті берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

46. Әлеуettі жеткізуі ашық конкурс тәсілімен сатып алуға оның қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерге жауапты болмайды.

Ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

47. Ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуettі жеткізуі енгізеді (егер конкурстық құжаттамада өтінімдерді қамтамасыз етуді енгізу қаралған жағдайда), кепілдік ретінде, егер ол:

1) өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін ашық конкурсқа қатысуға өз өтінімін қайтарып алмайды не өзгертпейді және (немесе) толықтырамайды;

2) оны ашық конкурстың жеңімпазы деп анықтаған жағдайда тапсырыс берушімен ашық конкурс қорытындылары туралы хаттамада белгіленген мерзімде сатып алу туралы шарт жасасады және егер конкурстық құжаттама шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі көздесе сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

48. Ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мөлшерін осы тауарды, жұмысты, қызметті сатып алу үшін конкурстық құжаттамада көзделген соманың бір пайызынан артық көтеруге жол берілмейді.

49. Әлеуettі жеткізуігө ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мына түрлерінің біріне рұқсат етіледі:

1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарна;

2) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір немесе бірнеше банктерінің банк кепілдігі.

50. Жеткізушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақшалай жарнасына толық не бір бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасаудың жол берілмейді.

51. Жеткізушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін тапсырыс берушінің енгізілген кепілдік ақшалай жарнасын пайдаланудың жол берілмейді.

52. Ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу туралы талап қоғамдық мүгедектер үйымдарына қолданылмайды.

53. Тапсырыс беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде:

1) әлеуетті жеткізуші ашық конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ашық конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алса не өзгертең және (немесе) толықтырса;

2) ашық конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

3) ашық конкурстың жеңімпазы әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасап, егер оны енгізу конкурстың құжаттамада көзделген жағдайда сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы конкурстың құжаттамада белгіленген талаптарды орыдамаса.

54. Осы Ереженің 53-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде, ашық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

55. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушіге енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарып береді:

1) осы әлеуетті жеткізуші ашық конкурсқа қатысуға өз өтінімін ашық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушының қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған. Аталған жағдай ашық конкурс жеңімпазы деп айқындалған ашық конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

3) сатып алу туралы шарт қүшіне енген және ашық конкурс жеңімпазы егер оның енгізілуі конкурстың құжаттамада көзделген жағдайда сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

4) әлеуетті жеткізушінің ашық конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу

56. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттамаға сәйкес көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ осы Ереженің 35-39-тармақтарында көрсетілген талаптардың бұзылуымен ұсынылған әлеуettі жеткізушилердің ашық конкурсқа конкурстық өтінімдерін қарамайды.

57. Конкурстық комиссия конкурстық өтінім салынған конверттерді ашу орны, күні мен уақыты туралы конкурстық құжаттаманың ережелеріне сәйкес конкурстық өтінім салынған конверттерді ашуды жүргізеді.

58. Конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуettі жеткізушиңін және (немесе) оның уәкілетті өкілінің ашық конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверттерді ашу кезінде аудиожазбаны жүргізу құқығына рұқсат етіледі.

Конкурстық комиссияның отырысына қатысушы тұлғаларға конкурстық комиссияның қызметіне араласуына жол берілмейді.

59. Конкурстық өтінімді ашу хаттамасы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілетті тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде қалыптастырады және орналастырады және оларды ашу күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілетті Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қоюлады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде жасалған конкурстық өтінімді ашу хаттамасының қағаздағы данасына конкурстық комиссия мүшелерінің конверттерді ашу рәсімі кезінде төраға, хатшы мен барлық қатысушылар қол қояды.

60. Конкурстық өтінім салынған конверттерді ашу хаттамасында мына мәліметтер көрсетіледі:

- 1) тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізуудің күні, уақыты және орны;
- 3) конкурстық комиссияның құрамы;
- 4) ашық конкурстың мәні (егер ашық конкурс мәніне бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атауы);

5) конкурстық құжаттаманы алған әлеуettі жеткізушілердің атауы, нақты орналасқан орны;

6) конкурстық құжаттаманы өзгертудің және (немесе) түсіндірудің қысқаша сипаттамасы (егер осындайлар болған жағдайда);

7) конкурстық өтінімді ұсынған өтінімді ұсынудың күні және уақыты көрсетумен әлеуettі жеткізушілердің атауы, нақты орналасқан жері;

8) әлеуettі жеткізушілердің атауын, осы Ереженің 35-39-тармақтары талаптарының бұзылуымен оларды ұсыну түрінде қайтарылған немесе әлеуettі жеткізушінің осы Ереженің 45-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қайтарып алғынған конкурстық өтінімдер;

9) әлеуettі жеткізушілердің конкурстық өтінімін өзгерту және (немесе) толықтыру туралы мәліметтер;

10) әлеуettі жеткізушілердің конкурстық өтінімін ашу мазмұны туралы ақпараты;

11) әлеуettі жеткізушілердің ашылған конкурстық өтінімінің бағасы;

12) ашық конкурсқа қатысуышы деп танылған әлеуettі жеткізушілердің атауын, нақты орналасқан орны;

13) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне қатысуышы әлеуettі жеткізушілердің өкілдері туралы мәліметтер.

Конкурстық өтінімдерді қарau тәртібі және ашық конкурс жеңімпазын анықтау

61. Конкурстық комиссия, егер онда конкурстық құжаттамада баяндалған сипаттамалар, жағдайлар мен өзге де талаптарды елеулі өзгертпеген елеусіз ауытқулар болса немесе елеулі ауытқулар болмаса немесе егер онда конкурстық өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, талаптарға жауап беретін конкурстық өтінімді қарастырады. Кез келген мұндай ауытқулар мүмкіндігінше, сандық көрініс береді және конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде ескеріледі.

62. Осы Ереженің 65-тармағында келтірілген шарттар бойынша конкурстық өтінімдер конкурстық комиссиямен бағалайды және салыстырады және Заңдың 63-2-бабының 3-тармағында көзделген шартты төменгі баға бойынша өлшемдерді ескере отырып, ең төменгі баға негізінде женген конкурстық өтінімді анықтайты.

Z 1 0 0 2 9 1 қараныз

63. Конкурстық өтінімдерді қарau, бағалау және салыстыру кезінде:

1) конкурстық комиссия ашық конкурсқа қатысуышылардан конкурстық өтінімдерді олардың мазмұнын өзгертпестен қарауды женілдету үшін олардың конкурстық өтінімдерімен байланысты түсіндірулерді беруді сұрауына рұқсат

е т і л е д і ;

2) конкурстық өтінімді өткізу үшін, конкурстық құжаттаманың және осы талаптарға сәйкес осы ереженің талаптарына жауап бермейтін ешқандай сұрауларға, ұсыныстарға немесе рұқсат берулерге жол берілмейді.

64. Конкурстық комиссия әр лот бойынша конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде шешім қабылдау арқылы егер тек конкурстық құжаттамада бұдан ұзақ мерзім белгіленбесе ашық конкурс қорытындыларын шығарады.

65. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді қабылдамайды, егер:

1) осы конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына осы Ереженің 61-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жауап бермесе;

2) әлеуетті жеткізуши осы Ереженің 8-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

3) әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтінімде ұсынған бағасы осы сатып алуда көзделген соманы асырған жағдайда.

66. Ашық конкурс қорытындылары бойынша конкурстық комиссия толық немесе жекелеген лот бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ашық конкурс жеңімпазын жариялау туралы;

2) ашық конкурстың сәйкес келмейтін жағдайлары ретінде қабылданған өтінім беруші екі қатысуышыдан кем қатысуына байланысты өтпеді деп тану туралы .

67. Ашық конкурстың қорытындылары бойынша шешім жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілетті тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасы түрінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде қалыптастырады және орналастырады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілетті тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

68. Ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттаманың қағаз данасына, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің қалыптасқан тізіліміне конкурстық комиссия мүшелері қорытындыларды шығару рәсімі кезінде төраға, хатшы және барлық қатысушылар қол қояды .

69. Ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттама мыналарды қамтиды:

- 1) тапсырыс берушінің атауын және тұрған жерін;
- 2) конкурстың комиссияның отырыс өтетін күнін, уақыты мен орнын;
- 3) конкурстың комиссияның құрамын;
- 4) ашық конкурстың мәнін (егер ашық конкурстың мәніне бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауын);
- 5) конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттардың ережелерінің түсініктемелерін жинақтап баяндау (конкурстың комиссияның талабы бойынша түсініктеме берген жағдайда хаттамаға енгізіледі);
- 6) ашық конкурсқа қатысушылардың атауы және нақты тұрған жерінің мекен - жайын;
- 7) конкурстың өтінімдері қабылданбаған, олардың қабылданбаған себептерін көрсете отырып, ашық конкурсқа қатысушылардың атауы және нақты тұрған жерінің мекен - жайын;
- 8) бағаның шартты төмендеуін ескере отырып, ашық конкурсқа қатысушылардың қабылданған конкурстың өтінімдерінің бағасын (лоттар бойынша);
- 9) ашық конкурс жеңімпазының атауын, нақты тұрған жерінің мекен-жайын және конкурстың өтінімнің бағасын (лоттар бойынша) және (немесе) егер ашық конкурстың нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса себептерін көрсету (лоттар бойынша);
- 10) лоттар бойынша өткізілген ашық конкурстың нәтижелері бойынша жеңімпазбен шарт жасасу мерзімдерін.

70. Ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес белгіленген мерзімде, ашық конкурс жеңімпазының конкурстың өтінімінің талаптарына сәйкесетін жағдайда ашық конкурстың жеңімпазымен шарт жасалады.

71. Ашық конкурстың жеңімпазы ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес белгіленген мерзімде өткізілген ашық конкурстың нәтижелері бойынша шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тапсырыс беруші ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейін ұсынысы тапсырыс беруші үшін ең қолайлы болып табылатын басқа қатысушымен шарт жасасуға рұқсат етіледі.

72. Егер ашық конкурс өтпеді деп танылса, онда тапсырыс беруші осы Ереженің 30-тармағында көрсетілген хабарлау тәсілдерін қолдана отырып, қайтадан ашық конкурс өткізуге немесе бір көзден сатып алууды жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

73. Егер өтінімдері ашық конкурстың талаптарына сәйкес келмейтіні ретінде қабылданбаған барлық жеткізушілер сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда тапсырыс беруші Ереженің 30-тармағында көрсетілген

хабарлау тәсілдерін қолдана отырып, қайтадан ашық конкурс өткізуге рұқсат етіледі.

4. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілімен сатып алу

74. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілімен сатып алу сапалық сипаттамалары тапсырыс беруші үшін елеулі мәні жоқ тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі, бұл ретте шешуші жағдай баға болып табылады.

75. Бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілі, егер нақты тауарды не нақты жұмысты, қызметті сатып алудың жылдық көлемі құндық түрфыда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен аспаған жағдайдаға ғана қолданылады.

76. Бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылының ішінде нақты тауарды, нақты жұмысты, қызметті сатып алудың жылдық көлемін олардың бірінің көлемі осы Ереженің 75-тармағында көзделгеннен аз болғанда бөлшектеуге рұқсат етілмейді.

77. Бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілімен біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушінің лоттарды сатып алу туралы хабарландыруда осындай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді міндетті түрде бөлу арқылы көрсетілген тәсілмен бірынғай сатып алуды ұйымдастыруына және жүргізуге рұқсат етіледі.

Біртекті тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бірнеше түрлерін бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілімен сатып алу тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері және (немесе) оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақта көзделген жағдайларда баға ұсыныстарын қарау, бағалау және салғастыру, сондай-ақ женімпазды анықтау сатып алу туралы хабарландыруда көзделген әр лот бойынша жүзеге асырылады.

78. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу туралы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізіліміне және аптасына кемінде үш рет жарияланатын және мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдарында орналасырады.

79. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізіліміне

орналастырылатын баға ұсыныс сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы хабарландыру мынадай ақпаратты қамтиды:

1) тапсырыс берушінің атауын және тұрған жерін;
2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затын (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда л о т т а р д ы н а т а у ы н) ;

3) әр лот бойынша сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы, өлшем бірлігі, саны, орындалатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің көлемін;

4) әр лот бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етіletіn мерзімі мен орнын;

5) баға ұсыныстарын қабылдау орнын, бастау және аяқтау мерзімін;

6) баға ұсыныстары бар конверттерді ашу орнын, күні мен уақытын;

7) әр лот бойынша тауарларды, орындалатын жұмыстарды, көрсетіletіn қызметтерді сатып алуға бөлінген соманы;

8) әлеуетті жеткізушиңің тауарларды жеткізумен, жұмыстарды орындаумен, қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығынды баға ұсыныстарын қосу қ а ж е т т і г і т у р а л ы т а л а б ы н ;

9) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алушы дайындауға және жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаның тегін, атын, байланыс телефонының н е м і р і н ;

10) сатып алу туралы шартқа қол қоюдың талап етіletіn мерзімін;

11) осы Ереженің 100-тармағына сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алушан бас тарту мерзімі және т ә р т і б і т у р а л ы м ә л і м е т т е р д і ;

12) маңызды жағдайларды көрсетумен сатып алу туралы шарттың жобасын.

80. Мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылатын баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетіletіn қызметтерді сатып алу туралы хабарландыру осы Ереженің 79-тармағының 1)-11) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты, сондай-ақ сатып алу туралы шарттың жобасын алу орны туралы ақпаратты қамтиды.

81. Әлеуетті жеткізушиңің тек бір баға ұсынысын (лотқа), беруіне жол беріледі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

82. Әлеуетті жеткізушиңің баға ұсыныстарын беруі сатып алу туралы шарттың жобасында көзделген маңызды шарттарды сақтай отырып, тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

83. Әлеуетті жеткізушиңің баға ұсынысы мыналарды қамтиды:

1) әлеуетті жеткізушиңің атауы, нақты тұрған жерінің мекенжайы, БСН (занды тұлғалар үшін), тегі, аты, тұрғылықты жері, ИСН (жеке тұлғалар үшін)

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу заты (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы) ;

3) әр лот бойынша сатып алынатын тауарлардың атауы, сипаттамасы, саны, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен м е р з і м і ;

5) әлеуетті жеткізушінің лотқа ұсынған бағасы.

84. Баға ұсынысында қамтылатын тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарына сәйкес тапсырыс беруші орналастырған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруда қамтылатын шарттарда көрсетіледі .

85. Бірінші басшы немесе әлеуетті жеткізушінің уәкілетті адамы қол қойған және әлеуетті жеткізушінің мөрімен расталған баға ұсынысы конвертке желімденеді және белгіленген жерге және мерзімде беріледі.

Баға ұсынысина уәкілетті адам қол қойған жағдайда конверт оның өкілеттігін р а с т а й т ы н қ ү ж а т т ы қ а м т и д ы .

86. Әлеуетті жеткізуші баға ұсынысы бар желімделген конверттің беткі жағына м ы на м ә л і м е т т е р д і к ө р с е т е д і :

1) әлеуетті жеткізушінің атауы және нақты тұрған жерінің мекен-жайы;

2) тапсырыс берушінің атауы және нақты тұрған жерінің мекен-жайы;

3) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу заты (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда лоттардың атауы, оларға қатысу үшін әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы беріледі).

87. Баға ұсынысы бар конвертті ұсынған әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның уәкілетті өкілі аудиожазбаны жүргізу құқығымен баға ұсыныстары бар конверттерді ашу кезінде қатысуға рұқсат етіледі.

Баға ұсыныстары бар конверттерді ашуға қатысушы тұлғалар ашу рәсіміне а р а л а с ү ғ а ж о л берілмейді .

88. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы бар конверттерді а л ғ а н к е з д е :

1) осы Ереженің 86-тармағында көзделген баға ұсыныстары бар мәліметтердің конвертте болуын тексереді. Осы Ереженің көрсетілген тармағының талаптарын бұза отырып ресімделген баға ұсыныстары бар конверттер оларды алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуетті жеткізу шігे қ а й т а р ы л а д ы ;

2) баға ұсыныстары бар конверттерді қабылдайды және осы Ереженің 89-

тармағында көзделген бағалық ұсынымдар бар мәліметтерді тіркеу журналына
енгізеді.

89. Баға ұсыныстарын тіркеу журналында мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу заты (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы) ;

2) әлеуettі жеткізушиңің атауы және нақты түрған жерінің мекен-жайы;

3) баға ұсыныстарын беру тәсілі;

4) әлеуettі жеткізушиңің баға ұсынысын беру күні мен уақыты.

Баға ұсыныстарын тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді және парофирленеді, конкурстық өтінімдерді тіркеу журналының соңғы беті тапсырыс берушінің мөрімен бекітіледі. Бір қаржы жылышын ішінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді барлық сатып алу бойынша бірыңғай баға ұсыныстарын тіркеу журналын жүргізуге

Рұқсат етіледі.

90. Баға ұсыныстарын беру мерзімі өткен соң немесе осы Ереженің 86-тармағының талаптарының бұзылуымен алынған бағалық ұсынымдар бар конверт қаралмайды, бірақ баға ұсыныстарын тіркеу журналына тіркелуі тиіс және осы Ереженің 88-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәртіппен және мерзімде қайталауды.

91. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімінде ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілеттік берілген тапсырыс берушінің лауазымды адамы белгіленген мерзімде:

1) баға ұсыныстары бар конверттерді ашады;

2) баға ұсыныстары бар конвертті берген әлеуettі жеткізушиңің өкілінің өкілеттігін құжаттық растаудың болуын тексереді;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізіліміне орналастырады, қалыптастырады, осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуettі жеткізушилердің баға ұсыныстары бар конверттерді ашу хаттамасына электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

Әлеуettі жеткізушилердің баға ұсыныстары бар конверттерді ашу хаттамасы мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) тапсырыс берушінің атауы және түрған жері;

2) отырыс өткізу күні, уақыты және орны;

3) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу заты (егер бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы);

- 4) баға ұсыныстары бар конверттерді ұсынған әлеуетті жеткізушілердің атауы , нақты тұрған жерінің мекен-жайы;
- 5) баға ұсыныстары бар конверттер қайтарылған әлеуетті жеткізушілердің атауы, нақты тұрған жерінің мекен-жайы;
- 6) әлеуетті жеткізушілердің ашылған баға ұсыныстарының бағасы (лоттар бойынша);
- 7) конкурсстық өтінімдері бар конверттерді ашу рәсіміне қатысқан әлеуетті жеткізушілердің өкілдері туралы мәліметтер.

92. Баға ұсыныстары бар конверттерді ашу хаттамасының қағаз данасына, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде және оларды жасаушылар пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қалыптасқан тізіліміне тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қояды.

93. Баға ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсімінен кейін бір жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші бағалық ұсынымдарды сұрату тәсілімен сатып алушын қорытындысын шығарады.

94. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындысы бойынша шешімді осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындылар туралы хаттама түрінде, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізіліміне ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті, тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы қалыптастырады және орналастырады және Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізіліміне ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті, тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларының хаттамасы мыйнадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) тапсырыс берушінің атауы және тұрған жері;
- 2) отырыс өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алынатын зат (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алынатын затқа бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы);

4) ашық конкурсқа қатысушылардың атауы және нақты тұрған жерінің мекенжайы, қабылданбаған, оларды қабылдамау себептері көрсетілген баға ұсыныстары;

5) әлеуетті жеткізушілердің қабылданған баға ұсыныстарының бағасы (лоттар бойынша);

6) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жеңімпазының атауы, нақты

тұрған жерінің мекенжайы және баға ұсыныстырының бағасы (лоттар бойынша) және (немесе) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нәтижесінде осы Ереженің 101-тармағына сәйкес женімпаз (лоттар бойынша) анықталмаса, себептерін көрсету.

95. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары хаттамасының қағаз данасына, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қалыптасқан тізіліміне тапсырыс берушінің уәкілетті екілі қол қояды.

96. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындысын шығарған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде барлық қатысқан әлеуетті жеткізушилерге осы Ереженің 78-тармағында көрсетілген хабарлау тәсілдерін қолдана отырып, қорытындылар туралы хабарлайды.

97. Әлеуетті жеткізушиңің баға ұсынысы, егер:

1) ол лотта осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түссе;

2) әлеуетті жеткізуши келіспеген не сатып алу туралы шарт жобасының маңызды шарттарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды ұсынса;

3) әлеуетті жеткізуши лотқа бір бағалық ұсынысынан көп ұсынса, қабылданбауға тиіс.

Баға ұсыныстарын басқа негіздер бойынша қабылдамауға рұқсат етілмейді.

98. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың женімпазы ең аз бағалық ұсынымдардың негізінде тапсырыс беруші анықтайды.

99. Егер ең аз баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуши ұсынған жағдайда баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушилердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті жеткізуши женімпаз болып танылады.

100. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырудан бас тарта алады. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын қабылдаудың мерзімі өткен күннен кешіктірмей осы Ереженің 78-тармағында көрсетілген хабарлау тәсілдерін қолдана отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жүргізуден бас тартуға рұқсат етіледі.

101. Баға ұсыныстары болмаған не бағалық ұсынымдарды қабылдау мерзімі ішінде жалғыз ұсыным болған жағдайда тапсырыс беруші осы Ереженің 78-тармағында көрсетілген хабарлау тәсілдерін қолдана отырып баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі біткен күннен бастап бес жұмыс күніне дейінгі мерзімге баға ұсыныстарын қабылдауды ұзартуға рұқсат етіледі.

102. Осы Ереженің 97-тармағына сәйкес қабылданған баға ұсынысы болмаған, не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жалғыз ұсынмы болған

жағдайда

өтпеді

деп

танылады.

103. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алушың жеңімпазы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тапсырыс беруші осы Ереженің 78-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қайтадан сатып алушы жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

104. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші осы Ереженің 78-тармағында көрсетілген хабарлау тәсілдерін қолдана отырып баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қайтадан сатып алушы жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

5. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бір көзден тәсілімен сатып алу

105. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алу мынадай жағдайларда жүргізіледі, егер:

1) ашық конкурс өтпеді деп танылғанда;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу екі рет өтпеді деп танылғанда;

3) қандай да бір жеткізуішіден тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіде қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен үйлесімділікті бірыңғайлау, стандарттау немесе қамтамасыз ету мақсатында сол жеткізуішіден басқа тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттігі туындағанда;

4) бұрын осы қызметтерді көрсету туралы шарт жасалған жеткізуімен бірге Үй-жайды жалдау бойынша қызметтерді сатып алғанда, оны ұзарту (жаңа қаржы жылына қайта жасау) қажеттілігі туындағанда;

5) табиғи монополиялар субъектілерінен, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу, сондай-ақ белгілі бір нарықта басым (монополиялық) жағдайға ие тұлғадан сондай нарықтағы үлесі жүз пайызға тең, не тиісті тауар нарығында басым (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне сәйкес оның қызметінің негізгі мәні бойынша мемлекеттік монополия субъектілерінен сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда;

6) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғалардан, зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда;

7) тексеру жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін ақаулар пайда болған, коммуникациялар, механизмдер, агрегаттар, қосалқы бөлшектер мен

материалдар істен шыққан кезде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда;

8) аварияларды жою үшін төтенше жағдайлардың зардаптарын шектеу және (немесе) жою үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда;

9) ауыр жұмыстарда, зиянды (өте зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында, сондай-ақ қауіптілігі жоғары машиналармен және механизмдермен байланысты жұмыстарда істейтін жұмысшыларды міндettі медициналық тексеру бойынша көрсетіletіn қызметтерді сатып алғанда;

10) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған және сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді дайындайтын ұйымдардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетіletіn қызметтерді сатып алғанда жүргізіледі. (Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың, олардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбелерін, сондай-ақ осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетіletіn қызметтерді сатып алу көлемі мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіtedі және белгілейді).

106. Бір көзден сатып алу туралы шартты жасағанға дейін тапсырыс беруші жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде және бір көзден сатып алушы жүргізу туралы хабарландыруды және әлеуетті жеткізушінің сатып алған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің номенклатураларын, көлемін, сапасын, сондай-ақ бір көзден сатып алушы жүзеге асыруға арналған негіздемесін көрсетіп, аптасына кемінде үш рет жарияланатын және мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдарына орналастырылады.

107. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізіліміне бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу туралы хаттаманы қалыптастырады және орналастырады және электрондық цифрлы қолтаңбамен қол қояды.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетіletіn қызметтердің тізілімінде қалыптастырылған бір көзден тәсілімен сатып алу туралы хаттаманың қағаз данасына тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қояды.

108. Тапсырыс беруші бір көзден тәсілімен сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Ереженің 106-тармағында

көрсетілген хабарлау тәсілдерін қолдана отырып, бір көзден тәсілімен сатып алушың қорытындылары туралы хабарландыруды орналастыруға міндettі.

6. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу

109. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу осы Ереженің 7-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген тәсілдермен және осы Ережеде белгіленген тәртіппен электрондық сатып алу жүйесі арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алушы қамтамасыз ететін электрондық сатып алу жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

110. Электрондық сауда жүйесі арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы шарттар бойынша хабарландыруларды, хаттамаларды және деректерді жинау жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімі арқылы жүзеге асырылады.

7. Тауарларды тауарлық биржалар арқылы сатып алу

111. Тауарларды тауарлық биржалар арқылы сатып алу Қазақстан Республикасының тауарлық биржалар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Сатып алу туралы шарттардың орындалуын қамтамасыз ету

112. Сатып алу туралы шарттардың орындалуын қамтамасыз етуді әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттамада көзделген жағдайда онымен жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттерін тиісінше және толық орындалуына кепілдік ретінде енгізеді.

113. Сатып алу туралы шарт орындалуын қамтамасыз ету шарт сомасының үш пайызынан аспайтын көлемде енгізіледі.

114. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мына түрлерінің бірін әлеуетті жеткізушінің енгізуіне рұқсат етіледі:

1) тапсырма берушінің банктік шотына енгізілген кепілді ақшалай жарна;
2) банктік кепілдік.

115. Жеткізушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін енгізілген кепілді ақшалай жарнаға толық не бір бөлігіне үшінші тұлғалардың талап ету құқығының туындауына әкелетін әрекеттерді жасауына рұқсат етілмейді.

116. Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін жеткізуші

енгізген кепілді ақшалай жарнаны тапсырыс берушінің пайдалануына рұқсат етілмейді.

117. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қазақстандық өндірушілерге және мүгедектердің қоғамдық ұйымдарына қолданылмайды.

118. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, егер онымен жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаамаса не тиісінше орындаамаса, тапсырыс беруші қайтармайды.

119. Осы Ереженің 118-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің табысина есептеледі.

120. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушиге ол енгізген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, егер ол онымен жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақытында, толық және тиісінше орындаса, үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

9. Сатып алу туралы шарт

121. Тапсырыс беруші сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде әлеуетті жеткізушиге сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

122. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен сатып алу туралы шарт жасасу жағдайларында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, олар ұсынған нысанмен сатып алу туралы шартты ресімдеуге рұқсат етіледі.

123. Тапсырыс беруші қазақстандық өндірушімен тауарды сатып алу туралы шартты шарттың ережесінде жасасқан жағдайда жасасқан келісім-шарт шенберінде берілетін тауар көлеміне техникалық реттеу және метрология саласында уәкілдегі орган берген және қазақстандық тауардың шығуын растайтын СТ КZ нысанындағы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін беру туралы талап етуге рұқсат етіледі.

124. Тапсырыс беруші қазақстандық өндірушімен шарттың ережесіндегі жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда жеткізушиңің жұмысты орындау, қызметтер көрсету кезеңінде жеткізуши қызметкерлерінің жалпы еңбекақы төлеу қорындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбекақы төлеу қорының үлесі туралы мәліметтерді талап етуі көрсетіледі.

125. Жеткізуши тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартқан жағдайда тапсырыс беруші

бекіткен нысан бойынша және мерзімдерде, сатып алынған тауарлар, жұмыстар және қызметтер туралы есепті мердігерлік ұйымдардың беруі туралы талабы шартта көрсетіледі.

126. Сатып алу туралы жасалған шартқа шарттың ережелерін мәнді өзгертетін, оның ішінде сатып алу көлемін және тауардың, жұмыстың, қызметтің бірлігі үшін бағаны ұлғайту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне рұқсат етілмейді.

127. Сатып алу туралы шарт сатып алу қорытындыларын шығарған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жасалады.

128. Осы Ережемен көзделген жағдайларда, жеткізуі сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

129. Сатып алу туралы шарт мына жағдайларды қоспағанда, бір қаржы жылынан аспайтын мерзімге жасалады:

1) жобалау-сметалық құжаттамада көзделген, аяқталуы келесі (кейінгі) қаржы жылындағы (жылдар) мерзіммен жұмыстарды сатып алу;

2) дайындаудың технологиялық мерзімінің ұзақтығы олардың келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдар) жеткізуін негіздейтін активтерді және тағы басқа тауарларды сатып алыу;

3) орындалудың ұзақтығына байланысты орындау мерзімі (көрсету, жеткізу) жұмыс бағдарламасында белгіленген келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдар) негізделген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу.

130. Осы Ереженің 129-тармағында көзделген жағдайларда сатып алу туралы шарттың қолданылуын бір қаржы жылынан артық мерзімге, тек бір көзден сатып алу тәсілімен, ашиқ конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша анықталған жеткізуілермен ғана жасасуға рұқсат етіледі.

131. Сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен жеткізуі көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

132. Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде шарт туралы деректерді Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімінде орналастырады.

10. Қорытынды ережелер

133. Осы Ереженің шарттарына сәйкес тапсырыс беруші құзыретті органға ұсынатын ақпаратты құзыретті орган келісімшартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жер қойнауын пайдаланушылардың

міндеттемелерін орындауды бақылауды және мониторингті жүзеге асыру үшін
қолданады.

134. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу барысында осы Ереженің талаптары бұзылған жағдайда, сатып алғынатын тауарлардың, жұмыстар және қызметтердің кез келген әлеуетті жеткізушісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырыс берушінің әрекетіне шағымдануға құқылы.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі
операцияларды жүргізу кезінде тауарларды,
жұмыстар мен қызметтерді сатып
алу ережесіне
1-қосымша

Қызметкерлердің болуы және саны туралы мәліметтер

P\c	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Осы ашық конкурста сатып алғынатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беру саласындағы жұмыс өтілі	Диплом бойынша біліктілігі немесе мамандығы, білім туралы куәлік және басқа да құжаттары	Тұлғаны куәландыратын құжат №	Еңбек шартының №	Азаматтығы

Қолы _____
МО
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі
операцияларды жүргізу кезінде тауарларды,
жұмыстар мен қызметтерді сатып
алу ережесіне
2-қосымша

Сатып алу бойынша ашық конкурсқа (ашық конкурстың мәні) қатысу үшін әлеуетті жеткізуші берген конкурстың өтінімдер салынған конвертті ашудың

№ _____ ХАТАМАСЫ

(Ашу рәсімін өткізу орны)

20__ ж. «__» _____

1. Тапсырыс берушінің атауы _____
2. Тапсырыс берушінің тұрғылықты жері _____

3. Құрамдағы конкурстық комиссия:
 Конкурстық комиссияның төрағасы: _____
 (Тегі, аты-жөні)
 Конкурстық комиссияның мүшелері:

 (Тегі, аты-жөні)

(Тегі, аты-жөні)

Конкурстық комиссияның хатшысы

(Тегі, аты-жөні)
 конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін өткізді.
 4. Ашық конкурстың мәні: _____
 (Лоттардың атауы егер ашық конкурстың мәніне бірнеше лоттар кірген жағдайда)

5. Конкурстық құжаттаманы мына әлеуетті жеткізуіші берген:

P \ c №	Әлеуетті жеткізуішінің атауы	Әлеуетті жеткізуішінің нақты орналасқан жерінің мекенжайы

6. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер немесе түсініктемелерді қысқаша сипаттау (егерде осындайлар болған жағдайда _____).

7. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді мына әлеуетті жеткізуішілер үсінды .

(Лоттардың атауы егер ашық конкурстың мәніне бірнеше лоттар кірген жағдайда)

P \ c №	Конкурстық өтінімдер салынған конверттің тіркеу номірі	Әлеуетті жеткізуішінің атауы	Әлеуетті жеткізуішінің нақты орналасқан жерінің мекенжайы	Конкурстық өтінімдер салынған конверттің беру уақыты және мерзімі

8. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді мына әлеуетті жеткізуішілерге ашпай қайтарған.

P \ c №	Әлеуетті жеткізуішінің атауы	Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашпай қайтарудың негіздемесі

9. Әлеуетті жеткізуішінің конкурстық өтінімін өзгерту және (немесе) толықтыру туралы мәлімет:

P \ c №	Әлеуетті жеткізуішінің атауы	Әлеуетті жеткізуішінің нақты орналасқан жерінің мекен-жайы

10. Әлеуетті жеткізуші және конкурстық құжаттамада көрсетілген мәліметтер мен құжаттардың болуы туралы ақпараттар: _____

11. Әлеуетті жеткізушінің ашылған конкурстық өтінімнің бағасы:
(Лоттардың атауы егер ашық конкурстың мәніне бірнеше лоттар кірген жағдайда)

Сатып алуға бөлінген сома _____ теңге

P \ c №	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Тенгедегі құны

12. Ашық конкурстың қатысушылары болып мына әлеуетті жеткізушілер танылды.

P \ c №	Ашық конкурсқа қатысушының аты	Ашық конкурсыңа қатысушының нақты орналасқан жерінің мекен-жайы

13. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне мына Әлеуетті жеткізушілердің өкілдері қатысты

P \ c №	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Тегі, аты	Лауазымы	Ж е к е куәландыратын құжаттың №	Байланыс телефонының нөмірі	Аудиожазбаны жүргізу туралы мәліметтер

14. Қолдары.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі
операцияларды жүргізу кезінде тауарларды,
жұмыстар мен қызметтерді сатып
алу ережесіне
З-қосымша

**Сатып алу бойынша ашық конкурстың қорытындылары туралы
(ашық конкурстың тақырыбы)**

№ ____ ХАТТАМАСЫ

20__ ж. «__» ____
(Корытындыларды шығару
рәсімдерін өткізу орны)

1. Тапсырыс берушінің атауы _____
2. Тапсырыс берушінің тұрғылықты жері _____
3. Конкурстық комиссия құрамы:
Конкурстық комиссияның төрағасы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның мүшелері:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның хатшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты)

сатып алу бойынша ашық (жабық) конкурс өткізді:

4. Ашық конкурстың тақырыбы: _____ (егер ашық конкурстың тақырыбына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

5. Конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттардың ережелерінің түсініктемелерін жинақтап баяндау (конкурстық комиссияның талабы бойынша түсініктемелер берген жағдайда хаттамаға енгізіледі).

6. Ашық конкурста қорытындыларды шығару рәсімінде ашық конкурстың мынадай ашық конкурстың қатысушыларының өтінімдері қаралды:

(Егер ашық конкурстың тақырыбына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

P \ c №	Әлеуетті жеткізуінің атауы	Ашық конкурсқа қатысушының нақты түрган жерінің мекен-жайы

7. Ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия мынадай ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қабылдамау туралы шешім қабылдады:

(Егер ашық конкурстың тақырыбына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

Ашық конкурсқа қатысушының атауы	Ашық конкурсқа қатысушының нақты түрган жерінің мекенжайы	Конкурстық өтінімдерді қабылдамау себебі	Ескертпе

8. Ашық конкурсқа қатысушылардың қабылданған конкурстық өтінімдерінің бағасы:

(Егер ашық конкурстың тақырыбына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

Ашық конкурсқа қатысушының атауы	Тенгедегі құны	Тенгедегі шартты баға

9. Конкурстық комиссия ашық конкурсқа қатысушылардың қабылданған конкурстық өтінімдерін бағалады және бағаларын салғастырды және шешім қабылдады (қажеттісін таңдау):

9.1. Ашық конкурстың жеңімпазы болып _____ танылсын
(Егер ашық конкурстың тақырыбына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атап аудары)

(атауы, нақты тұрған жерінің мекенжайы, ұсынылған баға)

9.2. Жеңімпаздың ұсынысынан кейін артығырақ болып табылатын әлеуетті жеткізуши ұсынысы.

(атауы, нақты тұрған жерінің мекен-жайы, ұсынылған баға)

9.3. Ашық конкурстың талаптарына сәйкес келмейтіндігі ретінде өтінімдері қабылданған, оған екі қатысушыдан аз қатысуына байланысты, ашық конкурс өтпеді деп танылсын:

(Егер ашық конкурстың тақырыбына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атап аудары)

10. Тапсырыс беруші _____ дейінгі мерзімде өткізілген ашық конкурстың нәтижелері бойынша жеңімпазben (жеңімпаздың аты) шарт жасассын.

11. Қолдары.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі
операцияларды жүргізу кезінде тауарларды,
жұмыстар мен қызметтерді сатып
алу ережесіне
4-қосымша

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу бойынша баға ұсыныстары бар конверттерді ашу (сатып алу тақырыбы)

ХАТТАМАСЫ

20__ ж. «__» _____

(ашу рәсімін өткізу орны)

1. Тапсырыс берушінің аты _____

2. Тапсырма берушінің тұрған жері _____

3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу заты: _____

(егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атап аудары)

4. Баға ұсыныстары бар конверттерді мынадай әлеуетті жеткізушилдер ұсынды:

(егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

Тіркеу номірі	Әлеуетті жеткізушинің атауы	Әлеуетті жеткізушинің нақты тұрған жерінің мекен-жайы	Әлеуетті жеткізушинің баға ұсыныстарын тіркеу күні және уақыты
---------------	-----------------------------	---	--

5. Мынадай жеткізушилдердің баға ұсыныстары бар конверттер ашылмай қайтарылды:

P \ c №	Әлеуетті жеткізушинің атауы	Баға ұсыныстары бар конверттердің ашылмай қайтарылуының негізі
------------	-----------------------------	--

6. Әлеуетті жеткізушинің ашылған баға ұсыныстарының бағасы:
(егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

Сатып алуға бөлінген сома _____ теңге

P \ c №	Әлеуетті жеткізушинің атауы	Тенгедегі құны
------------	-----------------------------	----------------

7. Баға ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсіміне әлеуетті жеткізушилдердің екілдері қатысты:

P \ c №	Әлеуетті жеткізушинің атауы	Тегі, аты	Лауазымы	Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Байланыс телефонының номірі	Аудиожазбаны жүргізу туралы мәліметтер
------------	-----------------------------	-----------	----------	-------------------------------------	-----------------------------	--

8. Қолдары.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесіне 5-қосымша

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларының хаттамасы (сатып алу заты)

_____ 20__ ж «__»
(қорытындыларды шығару рәсімдерін еткізу орны)

1. Тапсырыс берушінің аты _____
2. Тапсырыс берушінің тұрған жері _____
3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу заты: _____
(егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот

кірген жағдайда, лоттардың атауы)

4. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын шығару рәсімінде мынадай баға ұсыныстары қаралды:

(егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

Сатып алуға бөлінген сома _____ теңге

P \ c №	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Тенгедегі құны

5. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын бағалап және салғастырып, шешім қабылдауды:

5.1. Мынадай баға ұсыныстары қабылданбасын:

P \ c №	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Баға ұсыныстарын қабылдамау негіздемесі

5.2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы деп танылсын:

(егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

(атауы, нақты тұрған жерінің мекенжайы, ұсынылған баға)

5.3. Оған баға ұсыныстарын қабылданған, екі әлеуетті жеткізушіден аз қатысуына байланысты баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылсын (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

6. Тапсырыс беруші жеңімпазben шарт жасасын:

(егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу затына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы)

(атауы, нақты тұрған жерінің мекенжайы, ұсынылған баға)

_____ дейінгі мерзімде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген сатып алу нәтижелері бойынша.

7. Қолдары.